

Ашық аспан астындағы оқу залы

2015 жылдың жаз айларында «Оқылым – өмір бейнесі» бағдарламасы шеңберінде Нұра орталық кітапханасы өз оқырмандары үшін «Жазғы оқу залы» акциясын ұйымдастырды. Мұндағы мақсат – жазғы демалыс, еңбек демалысы кезінде ауыл тұрғындарын жалпы оқуға тарту. Мұнда кез-келген адам газет-журналдар оқуға, жаңа кітаптармен танысуға, әр түрлі іс-шараларға қатысуға молынан мүмкіндік алады. Биыл бұл шара екінші мәрте өткізіліп отыр.

28 шілде күні кітапхана алдындағы саябақта «Әдеби орындық» деп аталған

басынан кешкен қуаныш-қызығы, тартқан тауқымет, азабы арқау болған «Әйел өмірі» атты романы, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда елімізде қалыптасқан күрделі жағдай, элита саналатын топтың тұрмыс-тіршілігі желі болып тартылған «Туысқан отбасылар» атты кітабы.

Филология ғылымдарының докторы, белгілі қаламгер, аудармашы, Сәйділ Талжановтың «Ұлдай кегі» мен «Сейфуланың Сәкені» атты хикаяттары, «Кәлила мен Димнә» атты шығыс ертегісінің аудармасы, қаламгердің ой-



кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме отандық классиктер мен ақын-жазушыларға арналды. Атап айтсақ: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов, Оралхан Бөкеев, Максим Зверев, Иван Щеголихин, Иван Шухов, Герольд Бельгер, Д.Снегин, М.Симашко және т.б.

Кітап көрмесін көшеде өтіп бара жатқан адамдар, саябақта жүрген демалушылар және кітапхана оқырмандары келіп тамашалады.

Көрмеге жоғарыда аталған жазушылардың кітаптары мен фотосуреттері қойылды. Қатысушыларға осы көрмедегі кітаптармен танысып, кітаптардың авторларының суреттерін табу ұсынылды.

15 адам белсенділік көрсетіп, сыйсияпатқа ие болды. Олардың ішінде зейнеткерлер Антонина Ивановна Калиновская мен Кенжетай Омарова, №1 КОМ-нің мұғалімі А.Ахметова, №3 КОМ-нің мұғалімі В.И.Куприянич, жеке кәсіпкерлер К.Орынтай және И.Ивния, сондай-ақ кітапхананың үздік оқырмандары Ләззат Жаншина, Г.Балабиева және т.б. бар.

Іс-шараға қатысушылардың басым көпшілігі С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Шәкәрім, О.Бөкеевтердің суреттерін оңайлықпен тапса, Максим Зверев, Иван Щеголихин, Иван Шухов, Әбіш Кекілбаев, Морис Симашко, Тахауи Ахтанов және Герольд Бельгердің суреттерін табу қиынға соқты.

Осыған орай іс-шара барысында кітапханашылар аталған жазушылардың өмірбаяны мен шығармашылығына шолу жасады.

Нұра өңірі ақын-жазушыларының шығармашылығымен таныстырып, насихаттау, өсіп келе жатқан ұрпаққа рухани тәрбие беру мақсатында 30 шілде күні «Сарыарқа саңлақтары» атты әдеби-өлкетану сабағы өткізілді. Насихатталған кітаптардың ішінде: Қанат Жойқынбектегінің: «Ел Шоңы» деп аталатын көп томдық романы, Кеңестік дәуірдегі қазақ әйелінің өмір жолы, тіршілік тынысы,

толғаныстары, сын мақалалары, естелік әңгімелері енгізілген 3 томдық шығармалар жинағы.

Махмет Теміровтің белгілі ақын, ғалым болған Бүркіт Ысқақұлы екеуінің қуғын-сүргін кезінде бастан кешкен тақырыптарын баяндайтын «Арман мен азап» атты естелігі, ақынның зұлмат аштық, қасіретті қуғын-сүргін, қайғылы соғыс тауқыметін баяндайтын «Азаттық аңсап азап шеккендер» атты кітабы, әр жылдары жазылған өлеңдерімен бірге толғаулары, дастандары кірген «Қуан, қазақ, азаттық алғаныңа» атты кітабы.

Махмет Темірұлы және Нұра ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құрастыруымен шыққан «Нұра ақындары» атты жинақ. Жинақта Нұра ауданы ақындарының өлеңдері топтастырылған. (Шөже Қаржаубайұлы, Жолдыкей Нұрмағанбетов, Қайып Айнабеков, Тоқа Жұмабайұлы, Бүркіт Ысқақов, Дәулетбек Әкімбеков, Қабыкен Мұқышев, Махмет Темірұлы).

Ғалым – Дөкен Шалабековтің «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме жырлары» атты кітабы.

Елімізге әйгілі ұшқыш, Социалистік Еңбек Ері болған Н.А.Кузнецовтың «Штурвал и курс» атты кітабы.

Кәрім Мыңбаев ауылының тұрғыны, белгілі ақын Витали Туляковтың өлеңдері мен әңгімелері жинақталған «Капли вдохновения» атты кітабы.

Шараға қатысқан кент тұрғындары, сондай-ақ «Туған өлке соқпақтарымен» атты викторинаға қатысып, Нұра өңірінің ұлы тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына арналған «Нұра жерінде із қалдырған» атты кітап көрмесін тамашалады.

Өлкетану аясындағы шаралар кіші Отанымызға деген мақтаныш сезімін оятайып, танымал жерлес ақын-жазушылардың әдеби мұраларын оқырмандар арасында кеңінен таратуға мүмкіндік береді.

Орталық кітапхана